

ҰАААЖ салуға және пайдалануға арналған концессия шарты

Орналасқан жері: Қазақстан

Жоба нөмірі: 47085

Сала: көлік

Мемлекеттік/жеке меншік секторы: жеке меншік

Экологиялық тексеру санаты: А

Директорлар кеңесімен қараудың белгіленген мерзімі: 2019 жылғы 14 қазан

Жағдайы: түпкілікті қараудан өтті, Директорлар кеңесінің бекітуі күтілуде

Жобаның ағылшын тіліндегі түйіндемесінің жарияланған күні: 2019 жылғы 27 наурыз

Жобаның сипаттамасы

Ұсынылған инвестициялық сұлбаға сәйкес, ұзақтығы 66 шақырымды құрайтын (Жоба) Алматы (Қазақстан) айналасында айналма автомобиль жолын салу және пайдалану үшін қарыздық қаржыландыруды ұсыну тұспалданады, оны іске асыруды – Қазақстанда тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылатын «BAKAD Investment and Operation» ЖШС компаниясы (Жобалау компаниясы) жүзеге асырады. Жоба 2018 жылғы 8 ақпанда қол қойылған, 20 жыл мерзімге арналған концессиялық келісім негізінде әзірленуде.

Жобаның мақсаттары

Жобаның іске асырылуы келесі мүмкіндіктерді ұсынады деп күтілуде: i) транзиттік жүк ағындарын Алматыдан бұрып қайта бағыттау және осылайша қаладағы ауаның ластану деңгейін төмендетуді қамтамасыз ету; ii) Алматы қаласынан және осы қалаға қарай жол жүрудің уақыты мен жол кептелістерінің санын қысқарту; iii) жол-көлік оқиғаларының санын қысқарту, Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік бағыттардың өткізу қабілеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру; iv) аймақтық және халықаралық сауда көлемдерінің ұлғаюын қамтамасыз ету, өйткені жобалық нысан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансконтиненталды автомагистральдің құрамына кіреді; v) Қазақстандағы басқа секторлар мен жобаларда МЖӘ/концессия қағидаттарын қолдануды ынталандыру, өйткені бұл жоба елдегі алғашқы МЖӘ жобасы және

шикізат секторынан тыс жеке меншік капиталдың тартылуымен іске асырылып жатқан алғашқы ірі инфрақұрылымды дамыту жобасы болып табылады.

Өтпелі үдеріске әсері

Ұсынылып отырған жоба Қазақстанда ұсынылған автомобиль жолын салуға арналған алғашқы концессия болады, сондай-ақ жоғары білікті халықаралық кеңесшілердің тартылуымен және халықаралық ашық конкурстардың өткізілуімен құрылымдалған алғашқы МЖӘ болады. Осы жобадан кейін таяу келешекте концессиялық бастамамен Қазақстандағы автомобиль жолдарын салу бойынша бірқатар жобалар іске асырылады деп күтілуде.

Өтпелі үдеріске әсерінің негіздемесі 1. Қазақстандағы автожол саласын қаржыландырудың жаңа әдістерін қолдануды көрсету. Жоба Қазақстанның МЖӘ нарығын дамыту жолындағы негізгі кезең болып табылады, өйткені бұл – концессиялық бастамамен және халықаралық инвесторлардың тартылуымен автомагистраль салу бойынша алғашқы жоба. Жоба ашық және айқын конкурстар өткізу үшін қолайлы жағдай жасаудың арқасында, сондай-ақ Қазақстанның автожол саласында озық халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін шарттық қатынастардың инновациялық нысандарын енгізудің арқасында, үлкен ауқымда жеке меншік капитал мен «ноу-хау» тарту мүмкіндігін көрсетеді.

Қазақстанда автомагистральдар салу жөніндегі МЖӘ жобаларының әлеуетті қоржынын қалыптастыру барысында бұл демонстрациялық әсер ерекше маңызды иемденеді және мұндай жобалар алдағы жылдары мемлекеттік биліктің орталық және аймақтық органдарымен іске асырылуы мүмкін.

Мұндай нарықты дамыту үшін нарыққа қатысушылардың қажетті мөлшерін тарту мақсатында бірқатар прецеденттер құру қажет етіледі. Сәйкесінше, ЕҚДБ қолдауымен Жобаның ойдағыдай іске асырылуы – МЖӘ құрушылардың әлемдік картасында Қазақстанның пайда болуының шешуші факторы болмақ.

Өтпелі үдеріске әсерінің негіздемесі 2. Стратегиялық шетелдік демеушінің қатысуымен, жеке меншік секторының Қазақстандағы негізгі автожол инфрақұрылымын пайдалануы. Жобада жеке меншік секторының басшылығымен Қазақстандағы автожол шаруашылығының ірі нысанын салу және пайдалану қарастырылады. Бұл – мемлекеттік сатып алуды жүргізудің дәстүрлі әдістеріне қарама-қарсы тәртіпте автожол нысандарын салу және ұстау саласында жаңа бағдар беруі мүмкін.

Шетелдік стратегиялық демеушінің қатысуы Жобаның тіршілік кезеңі (салу және пайдалану) барысында озық халықаралық тәжірибенің қолданылуына жағдай жасайды деп күтілуде. Орта мерзімді келешекте мұндай тәжірибе – тираждау үшін елеулі әлеуетті иемденетін болады, ал бұл – жалпы сала жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Клиент туралы ақпарат

«BAKAD INVESTMENT AND OPERATION» ЖШС

«Bakad Investment and Operations» ЖШС (Жобалау компаниясы) – Alsim Alarko Sanayi Tesisleri ve Ticaret A.S. (33,3%), Makyol Insaat Sanayi Turizm ve Ticaret A.S. (33,3%), SK Engineering and Construction (33,3%) және Korea Expressway Corporation (0,1%) (бірлескен түрде Демеушілер деп аталады) меншігіне жатады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

225 млн. АҚШ долл.

Қазіргі таңда ЕҚДБ 225 млн. АҚШ долларына дейінгі мөлшерде үлкен кредит беру мүмкіндігін қарастыруда. Үлкен кредиттің қалған бөлігі басқа халықаралық қаржы ұйымдарымен ұсынылады деп күтілуде.

Жобаның жалпы құны

750 млн. АҚШ долл.

Есептеулерге сәйкес, Жобаның жалпы құны шамамен 750 млн. АҚШ долларын құрайды.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Жоба ЕҚДБ-ның 2014 жылғы редакциясындағы Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес А санатына жатқызылған. ЭӘБ-ны қоса алғанда, Жобаның экоәлеуметтік әсерін бағалау туралы жарияланатын құжаттар пакеті, техникалық емес қысқаша түйіндеме, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспары (МТӨӘЖ), жер телімдерін сатып алу және адамдарды көшіру қағидаттары (ЖТСАКҚ) және экоәлеуметтік іс-шаралар жоспары (ЭӘІЖ) ЕҚДБ-ның веб-сайтында 2019 жылғы 12 сәуірде жарияланған. Осы зерттеулердің нәтижелерін бейнелейтін ЭӘБ туралы жарияланатын құжаттардың қайта қаралған пакеті және экоәлеуметтік басқару жоспарлары (ЭӘБЖ) 2019 жылғы 20 тамызда жарияланған.

Жол салу – Алматы арқылы өтетін транзиттік ағындардың едәуір бөлігін жаңадан бағыттауға мүмкіндік береді, ал бұл – өз кезегінде көлік магистральдарының жүктелуін төмендетуге жәрдемдесіп қана қоймай, сонымен қатар қаладағы атмосфералық шығарындылар мен шуыл фонын төмендетуге үлесін қосады. Осындай пайдасына қарамастан, ҰАААЖ жобасы сондай-ақ елеулі болуы мүмкін экологиялық және әлеуметтік әсермен және тәуекелдермен байланысты болып отыр.

Жобаны әзірлеу барысында біренше балама нұсқалар талданды, соның ішінде – оны орындаудан бас тартуды қоса алғанда. Адамдардың көшірілуін барынша азайтуды басты мақсат еткен, Қазақстан Республикасы үкіметімен 2017 жылы дайындалған техникалық-экономикалық негіздемеде жолдың өтуінің үш баламалы бағыты талданды. Жобаны орындауға арналған

конкурста жеңімпаз анықталғаннан кейін Бас мердігер жобалық шешімдерді жетілдіру және дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырды, соның ішінде ЭЭӘБ-ның алдын ала нәтижелерінің ескерілуімен. Осы жұмыс шеңберінде мал айдап өту үшін және ауылшаруашылық техникасының жүріп өтуі үшін қосымша өткелдер салу, өзен сағасын бұруды қарастыратын өзенді кесіп өту жобасын қайта қарау, сондай-ақ шуылдан қорғау қалқандарының жобалық орналасуын қайта қарау мүмкіндігі зерттелді.

2007 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде алдағы құрылыстың келешегіне және ЕҚДБ-ның мәмілеге ресми түрде кірісуіне дейін Қазақстан үкіметі (ҚҰ) ұлттық заңнамаға сәйкес 690,6 га жерді сатып алды және осылайша, қолда бар бағалауларға сәйкес, 790 үй шаруашылығы іске тартылды. Жердің сатып алынуын бағалау барысында келесілерге қатысты бөлігінде ЕҚДБ ТР-5 талаптарына сәйкессіздік анықталды: ресми рәсімделген құқықтары жоқ жерлердің және тіркелмеген үйлердің/кәсіпорындардың/құрылыстардың иелеріне арналған өтемақылар; нарықтық құнынан төмен деңгейдегі өтемақы төлемдері; сондай-ақ үйлесімсіз іске тартылған және осал халықты нақты қолдау. Бағалау нәтижелеріне сәйкес, Жобаны ЕҚДБ ТР-5 талаптарына сәйкес келетіндей етіп құрылымдау мүмкін емес екені расталды. Бірақ материалдық және заттай көмек беру жолымен іске тартылған халық үшін кері әсерін жұмсартудың белгілі шараларын қарастырған Экоәлеуметтік әсерін жұмсарту жөніндегі шаралар жоспары мен ЭӘІЖ дайындалып, оған Концессионер мен Концедент қол қойылғанымен, бұл шаралар Жобаның ТР-5 талаптарына толық сәйкес келуі үшін жеткіліксіз болып отыр.

Алайда, қосымша жер телімдерін сатып алу қажеттілігі туындаған жағдайда, жерді сатып алу және халықты көшіру – ЕҚДБ ТР-5 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда Концедент әр телім үшін көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындауды қажет ететін ЖТСАК қағидаттарын әзірлеп бекітті, олар ЭЭӘБ бойынша ашылатын құжаттар пакетімен бірге жарияланады.

Ауаның сапасын бағалау – ҰАААЖ жолы бойында ауа сапасының нашарлауын анықтауға жәрдемдеседі. Жоба – ауасы қатты ластанған Алматы қаласындағы ауаның жалпы сапасын жақсартуға жәрдемдескенімен, сонымен қатар автожол бойындағы ауаның сапасына кері әсерін тигізеді деп күтілуде. Ауаның сапасын үлгілеу негізінде жасалған бағалаулар бойынша, жол жүріп өтетін аймақта SO_2 , NO_2 және CO мөлшері бойынша мақсатты қазақстандық нормативтерден асып кету байқалатын болады. Сондай-ақ NO_2 мөлшері бойынша ЕО нормативтерінен асып кетеді, ал NO_2 бастапқы мөлшері әзірдің өзінде шегінде тұр. Үлгілеудің нәтижелері 2019 жылғы қыркүйек айынан 2020 жылғы ақпан айына дейін жиналатын, ауаның сапасы бойынша қосымша бастапқы деректердің көмегімен расталатын болады. Жолды пайдалануға бергеннен кейін, қоршаған ортаға мониторинг жасау жүйесінің деректері бойынша Қазақстан және ЕО нормативтерінен асқан жағдайда әсерін жұмсарту шарасы ретінде көлік қозғалысының жылдамдығын реттеу қолданылады. Сонымен қатар, 2020 жылы Концессионер адамдардың денсаулығына әсерін бағалауды жүргізеді және осал рецепторлар үшін бағытталған жұмсарту шаралары енгізіледі.

Жоба бойынша жүргізілген археологиялық сараптаманың нәтижесінде, жолдың жүргін бөлігі шегінде немесе оған жақын жерде 36 тарихи нысан мен мәдени мұра нысандары, 9 зират және қасиетті су көзі анықталды, бұл ретте анықталған нысандардың кейбірі ұлттық маңызды иемденеді және тиісті ұлттық заңдармен қорғалған. Мәдени мұра нысандарын қорғау механизмін дайындауды және мәдени мұра бойынша сарапшыны тартуды қоса алғанда, кері әсерін жұмсарту бойынша ұсынылған шаралардың арқасында Жоба ТР-8 талаптарына сәйкес келеді және мәдени мұра нысандары мен аумақтарына елеулі әсер етпейді деп тұспалдануда.

Еңбек қатынастарына қатысты ЕҚДБ-ның ТР-2 талаптары барлық қосалқы мердігерлерге қолданылады және жыл сайын жұмыс орындарының жағдайына сыртқы аудит жүргізіліп отырады. Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезеңінде демеушілер шамамен 1 700 жұмысшы тартады деп тұспалдануда. Қазіргі таңда салынып жатқан, жұмысшыларға арналған екі кентте 650 жұмысшы орналастырылады. Қызметкерлерді орналастыру үшін қажетті кез-келген қосымша тұрғын үй-жайлар ЕҚДБ-ның қызметкерлерді орналастыру жөніндегі басшылық нұсқауларына (2009 жылғы ред.) сәйкес келуі тиіс.

Ұлттық заңнама талаптарына сәйкес жүргізілген Қоршаған ортаға әсерін бағалаулар (ҚОӘБ) алғашқы құрылыс жұмыстары басталатын екі телім бойынша (4 және 8а) құзырлы органмен мақұлданды. Жобаның басқа телімдері бойынша ҚОӘБ өз кезегінде дайындалып, бекітуге жіберілді, тиісті рұқсаттар құрылыс жұмыстарының басталуына дейін алынады.

ҰАААЖ халық тығыз орналасқан аудандарды ішінара кесіп өтеді. Әйтсе де, зерттелген аумақтың шамамен 90%-ын ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер мен жайылымдар құрайды. Кері әсерін төмендету бойынша пысықталған шаралардың арқасында Жоба биологиялық алуантүрлілік жағдайына қандай да бір елеулі әсер етпейді.

ЭӘБ нәтижелеріне сәйкес, құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде парник газдарының шығарындылары жылына 22 000 тонна CO₂ құрайды. Жобалық нысанды пайдалану барысында парник газдарының шығарылымы шағын болады.

Жоба үшін алғашқы кезеңдегі жол қозғалысы қауіпсіздігін тексеру (ЖҚҚТ) жүргізілді. ЖҚҚТ ұсынымдарының арасында – бүйірлік сырғуға тұрақтылық, жылдамдықты шектеу, екпіндеу/тежеу жолақтарының ұзындығы, жанасу градиенті, кептелістердің туындау мүмкіндігі, қорғаныс қоршаулары, дренаж жүйелері және су басу қаупі, қысқы уақытта пайдалану және демалыс аймақтары бөлігінде жұмыс жобасын қайта қарау болды. Концессионер өзінің жұмыс жобасының түпкілікті нұсқасында жол жүру қауіпсіздігін арттыру бойынша барлық ұсынымдарды ескереді, бұл жоба ЖҚҚТ екінші кезеңінде ЭӘЖ-ге сәйкестікке қатысты ұлттық органдарда тексеруден өтеді.

Демеушілер өзінің өндірістік қызметінің салдары мен экоәлеуметтік тәуекелдерді басқару мақсатында экологиялық және әлеуметтік басқарудың

корпоративтік жүйелерін қолданады және бұл ретте Демеуші Бас мердігерлермен және қосалқы мердігерлермен жұмыс жасау жөніндегі шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті өкілеттіктері бар экоәлеуметтік қызметтердің қосымша қызметкерлерін тағайындайды. Концессионер ЭЭӘБ негізінде әзірленген шекті ШЭӘБЖ-ге сәйкес, жобаның спецификасын ескере отырып ЭӘБЖ әзірлеп енгізеді. Бас мердігер ЭӘБЖ-ны бекітеді және келесілерді қарастыратын құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі экологиялық және әлеуметтік басқару жоспарларын әрі қарай әзірлейді: құрылыс жұмыстарын бақару, эрозиямен және шөгінділермен күресу, жерүсті және жерасты суларының жағдайын бақылау, қалдықтарды пайдаға асыру, жол қозғалысын ұйымдастыру, төтенше жағдайларда әрекет ету, карьерлерде тас өндіру жұмыстарын жүргізу кезінде қоршаған орта мен денсаулықты және еңбек қауіпсіздігін қорғауды басқару, жеткізу тізбектерін және қосалқы мердігерлерді басқару, жергілікті қалықтың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау, жұмыскерлердің еңбек жағдайы мен оны ұйымдастыру, денсаулық пен еңбекті қорғау, мәдени мұраны қорғау, экоәлеуметтік мониторинг жүргізу. Ақылы жолды пайдалануды бастамас бұрын, Басқару және пайдалану жөніндегі мердігер-компания пайдалану кезеңінде ЭӘІЖ әзірлейді.

Экоәлеуметтік іс-шаралар жоспарына (ЭӘІЖ) сәйкес Үлкен Алматы, Кіші Алматы және Қарабұлақ өзендері аңғарларының бөліктерін жан-жақты гидрогеологиялық тексеру жұмыстары қажет етіледі, онда жерасты суларының шығуы мен су басу қаупі тәртіптемесіне арнаның орнын ауыстырудың сыни әсерін бағалау мақсатында, өзен арнасын түзету (тұрақты немесе уақытша) жоспарлануда. Жолдың осы телімдеріне арналған түпкілікті жоба бентикалық ортаның мекендеушілері мен балықтар үшін осындай тәуекелдер мен кез-келген салдарды жоюға қажетті шараларды қамтиды.

Телімдердің әрқайсысында құрылысты бастауға арналған рұқсат ЭӘІЖ-ге сәйкес талап етілетін алдын ала іс-шаралардың барлығы аяқталғаннан кейін ғана беріледі.

Кредиторлардың техникалық кеңесшілері мен Экология және әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі кеңесшілер жобаларды іске асыруға қойылатын ЕҚДБ талаптарына сәйкес, құрылыс жұмыстары барысында ДҚОҚҚТ талаптарының орындалуын бағалау мақсатында жобаға тоқсан сайын аудиттер жүргізіп, кредиторларға есептер ұсынып отырады.

Жоба бойынша ЭЭӘБ дайындау кезеңінде, 2013 жылы техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу барысында қоғамдастықпен алдын ала кеңесулер, соның ішінде барлық үш ауданда (Іле, Талғар және Қарасай) қоғамдық тыңдаулар және жергілікті халық пен жергілікті органдардың өкілдерімен фокус-топтардағы талқылаулар (ФТТ) жүргізілді. ЭЭӘБ нәтижелерінің жария етілуімен болған жиналыстар 2019 жылғы 3-5 қыркүйекте, тартылатын барлық аудандарда және тас өңдеу аудандарында өткізілді. Жалпы алғанда, 6 жалпы жиналыс және 11 ФТТ өткізіліп, оған – фермерлерді, бағбаншыларды, кәсіпорын өкілдерін, әйелдерді, осал тұлғаларды, алдыңғы жер сатып алумен мүдделері қозғалған адамдарды, ҮЕҰ және БАҚ-ты қоса алғанда 339 адам қатысты. Кездесулердің барысында қозғалған негізгі мәселелер келешекте жердің сатып алыну мүмкіндігіне,

аумақтардың байланыстылығы мен қолжетімділігіне, жол қозғалысы қауіпсіздігіне, шуылға, жергілікті тұрғындар үшін жол ақысының көлеміне және жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне байланысты болды. Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін МТӨӘЖ-ге сәйкес жолдың әр телімінде қоғамдық іс-шаралар әрі қарай жүргізілетін болады.

Осы жоба бойынша дайындалған [ЭЭӘБ](#) бар.

Техникалық ынтымақтастық

Жоқ

Компанияның байланыс деректері

Айман Жанұзақова ханым
ayman.zhanuzakova@alarko.kz

+77273358342

<http://www.bakad.com.kz>

Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, 040900 Қаскелең қ., Жанғозин көшесі 55/1, 403 кеңсе

Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу бойына компания-клиентке жүгінулеріңізді сұраймыз.

Мемлекеттік сектордағы жобалар: [EBRD Procurement](#) қараңыз. Анықтама: тел. +44 20 7338 6794

эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Сатып алуды жүзеге асырумен байланысы жоқ ЕҚДБ жобалары бойынша анықтамалар:

Тел.: +44 20 7338 7168; эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Қоғамдастыққа ақпарат беру қағидаттары (ҚАБҚ)

ҚАБҚ стратегияларды, саясатты және операциялық қызметті тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу үшін мүдделі тараптармен кеңесулер жүргізудің және ақпаратты ашудың ЕҚДБ-мен белгіленген тәртібін анықтайды. Директорлар кеңесіне ұсынылатын мемлекеттік сектордағы жобалар бойынша баяндамаларды алу рәсімін «Қоғамдастыққа ақпарат беру қағидаттары» парақшасына сілтеме арқылы өте отырып білуге болады.

[ҚАБҚ мәтіні](#)

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО)

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО) – ЕҚДБ қызметінің есептілігін қамтамасыз ететін механизм болып табылады. Ол Банкпен қаржыландырылатын, арыз берушілердің пікірінше экологиялық және (немесе) әлеуметтік зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін жобаларға қатысты жеке тұлғалар мен ұйымдардан келіп түсетін шағымдарды тәуелсіз қарауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Шағым беру нысаны туралы ақпаратты [Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган](#) сайтының парағынан қараңыз. [ШҚО рәсімінің ережелеріне](#) сәйкес, шағым беруге немесе оларды тіркеуге және оларды қабылдауға болатындығына қатысты кез-келген сұрақтарыңызға жауап алу үшін pcm@ebrd.com мекенжайы бойынша уәкілетті ШҚО-ға жүгініңіз.